



Психолог кеңестері: Мектеп жасына дейінгі баланың қоғамдық өміріндегі қарым-қатынастың маңызы

Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық өміріндегі қарым-қатынасы олардың тілдік қорының пайда болуымен жүзеге асырылады. Қарым-қатынастың бірінші формасы балалардың танымдық іс-әрекетінің негізінде жүзеге асады. Оның көрініс беру мерзімі тұрақсыз. Жағдаяттан тыс танымдық форманың шеңберіндегі қарым-қатынас танымдық іс-әрекеттің негізінде жүзеге асатындықтан баланың білу, түсіну, меңгеру ұмтылысы жетекші орыналады. Мектепке дейінгі шақта баланың зейінін адамдардың өзара қатынастарындағы оқиғалар қызықтыра бастайды. Адамдар, олардың қылықтары, мінез-құлықтарының нормалары бала мен ересек қарым-қатынасының мәніне айналады. Осылайша қарым-қатынастың ең кеш, әрі күрделі жағдаяттан тыс жеке түрі қалыптасады. Қарым-қатынастың бұл түрінің көрініс беру мерзімі біршама тұрақсыз болады. Оның қарапайым формаларын үш-төрт жастағы балалардан да байқауға болады. Мектепке дейінгі ересек жас шамасына таяу қарым-қатынастың осы түрін меңгерген балалардың саны біршама ұлғайып, дамиды. Жағдаяттан тыс жеке қарым-қатынас мектепке дейінгі 5-6 жастағы балаларға тән. Жағдаяттан тыс жеке қарым-қатынастың айрықша ерекшелігі баланың ересекпен өзара түсіністікке мұқтаж болуымен анықталады. Ересектер мен баланың өзара қарым-қатынасындағы көзқарастарының ортақтастығы және эмоциялы бағалауы олардың дұрыс қарым-қатынасын білдіреді. Баланың ортамен тіл табысу қабілетінің өзі оның мінез-құлқының талаптары мен міндеттеріне сәйкес келіп, оның ересектермен іскер, тұлғалық және танымдық қатынастарын қаншалықты қолданып, өзгертетіндігіне байланысты болады. Баланың қоғамдағы бастапқы қарым-қатынасы оның отбасынан басталады. Балалабақша жағдайында өмірінің алғашқы күнінен бастап, құрдастарының ортасында болады. Балалар қуана-қуана бірге ойнайды, еңбектенеді, ортақ іспен айналысады, олар тіл табысуға құмар келеді. Тәрбиеші отбасымен бірлікте болып, мақсатты педагогикалық ықпалдың нәтижесінде баланың басқа адамдармен және

құрдастарымен өзара қатынастарының сипатын анықтайтын тұлғалық сапаларын, мінез-құлықтарының әдеттері мен дағдыларын қалыптастырады. Мектепке дейінгі шақта баланың өзге адамдарға қатысты дербес ішкі ұстанымы «менінің» және қылықтарының айқындалуымен, ересектер әлеміне, олардың іс-әрекетіне, өзара қатынастарына деген зор қызығушылығымен сипатталады. Балалар қоғамы - бүлдіршіннің жан-жақты дамуына қажет жағдайлардың бірі. Бала құрдастарымен қарым-қатынаста қызығушылықтары мен талпыныстарына қоғамдағы тәжірибе негізінде қол жеткізеді. Отбасынан тыс құрдастарымен қарым-қатынас үлкен ресмилікті, қатынастарды орнату іскерлігін, серіктесінің мінезін есепке алуды талап етеді. Жақындардың арасындағы қолайлы әрекеттер мен әдеттер бөгде адамдармен қарым-қатынаста қолдануға келмейді. Баланың құрдастарымен қарым-қатынастарын орнату іскерліктерінен оның адамдар қоғамындағы өмірге даярлығынан басталады. Алдымен балалар бақшасында немесе мектепке, болашақта студенттік өмірде немесе өндірістік ұжымда бұл қарым-қатынас жалғасын табады. Балалар тобының басқа да қоғам мүшелерімен шынайы қатынастары ұжымшылдық қатынастарды орнатумен шектелмей, баланың сана-сезімін де арттырады. Баланың құрдастарына, қалыптасып келе жатқан ұжымның пікіріне бағдарлануы оның әлеуметтік сезімдерін де қалыптастырады. Баланың ұжым, топ, команда туралы түсінігі кеңейеді. Топ пен командада дербестілікке, топтың мүддесін ұстану қабілетіне, жанашырлыққа үйренеді. Басқа баламен бірігіп әрекет ету қарым-қатынастың арнайы дағдыларынсыз жүзеге асырылуы мүмкін емес. Бала қатынастарын реттеу үшін, құрдастарының ықыласынан айырылып қалмас үшін өзара қатынастың әртүрлі амалдарын қолдануға үйренеді. Бала жаңа қатынастарды орнатудың барысында өзі үшін таныс балалардың тобындағы әрекеттерінің еркіндігін айқындайтын мінез-құлықтың көптеген түрлерін ашады. Баланың қоғамдағы қарым-қатынасы үшін олардың сөйлеу тілінің дамуы өте маңызды. Ойын жағдайы әрбір баладан қатынасудың нақты қабілеттілігін талап етеді. Егер ол ойын барысына қатысты өз ойын түсінікті етіп жеткізе алмаса, ол бірге ойнаған достарының сөзін түсінуге қабілетсіз болады, яғни құрдастары үшін бұл әлдеқандай қиындық тудыруы мүмкін. Тіл - қарым-қатынастың тілдесу құралы. Мектепке дейінгі бала ана тілін жақсы меңгереді. Алайда, оның жағдайы жағдаяттық, ол баланың дербес әрекеттерін аса реттей қоймайды. Осы шақта баланың сөздік қоры біршама молаяды және тілдің грамматикалық құрылысы ары қарай

жетіледі. Тілдің мінез-құлықты реттеп, психикалық үдерістердің барлық түрлерін жүзеге асырудағы қызметі артады, сонымен қатар балада ішкі сөйлеу қалыптасады. Бала тілінің дұрыс әрі дер кезінде дамуы, баланың ана тілін өз уақытында меңгеруі оның тұлғалық дамуының және қоғамдағы қарым-қатынасты реттеуінің маңызды шарты.

Психологиялық кеңес

Қазіргі балалар интеллектуалды, эмоционалды өте белсенді. Сол себепті тез шаршайды. Олардың рухы әлсіз болады. Ата-ана тарапынан сүйіспеншілік пен жүрек жылуын қажет ететінін баланың қоғамдағы қарым-қатынасы оның басқа адамдармен қарым-қатынасы арқылы анықталады. Отбасымен қарым-қатынасы жақсы баланың мінез-құлқынан, әрекетінен, көзқарасы мен сөйлеуінен қандай отбасынан шыққанын аңғаруға болады. Өтірік айту, теріс қылық жасау, біреуді балағаттау, жамандау, арақ-темекіге әуес болу, ұрсысу, пара беру, кісіге қиянат жасау, заң бұзу және тағы басқа теріс әрекет жасау баланың қоғамдағы қарым-қатынасына кері әсерін тигізеді. Өзі тәрбиеленетін ортадан осындай жағымсыз әрекеттерді көріп өскен балада көзқарас дұрыс қалыптаспайды. Балаға жақсылықтарды көрсетіп жасау өте маңызды. Үлкендер балалардың көзінше өзара ұрсыспау керек және үнемі балалармен сырласып, олардың өз ойын бүкпесіз айтуына мүмкіндік беріп отыруы қажет. Ата-ана баланың әрбір іс-әрекетіне баға беріп отырса, балаға үнемі таңдау берсе, баланың кем тұсын есіне сала бермей, оны түзетуге тырысса, балаға қолынан бәрі істің келетіні туралы мотивация берсе, оның қабілеті жоғары, қызығушылығы басым және қоғамға деген қарым-қатынасы да нәтижелі болады.